

ШЖҚ МКК "Қалалық онкологиялық орталық"
Шымкент қ. ДБС
ХАТТАМА

Шымкент қаласы

«25»қыркүйек 2024 жыл

Жиналысқа қатысқандар: 38 қызметкер

Басталу уақыты: 25.09.2024 жылы, сағат: 14:30

Күн тәртібіндегі: «Сыбайлас жемқорлық көріністерінің профилактикасына және мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу бойынша»

Қатысқандар: ШЖҚ МКК "Қалалық онкологиялық орталықтың" қызметкерлері

Күн тәртібі: ШЖҚ МКК "Қалалық онкологиялық орталықтың" жұмыскерлерінің қатысуымен 2024 жыл 25 қыркүйек комплаенс Алихан Б.Е. «Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті» тақырыбында семинар кеңес өткізді.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасіret болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір – біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай – қайсысын да қатты аланнататыны анық. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіндігінің даусыз екендігіне комплаенс егжей – тегжейлі тоқталды.

«Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтартылтай қауіп төндіретін құбылыс.

Президентіміз биыл да «Қазақстан халқының әл – ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты өзінің Қазақстан халқына жолдауынды «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап көрсетті. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп – қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сондай – ақ, жемқорлықпен қарсы күресте барлық адамдар – заң мен сот алдында тең. Жеке және занды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен занды мұddeлерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пе құқық бұзушылықтың зиянды зардалтарын жою, олардың алдын – алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу – жалпыға ортақ міндет», – деп сөз соңын қорытындылады.

Іс – шарага қатысушылар бейнебаянды, суреттерді қарап көріп және жемқорлыққа қатысты, жемқорлықты тек ұжыммен бірлесіп күресу қажеттілігін айтты, сонда жемқорлықты жеңетінімізді көпшілік макуїдады.

Комплаенс:

Алихан Б.Е.